

«БЕКІТІЛДІ»
Қостанай облысы әкімдігі
білім басқармасының « Қостанай қаласы
білім бөлімінің №7 бөбекжайы» КМҚК
№1 педагогикалық кеңесте
«2025 ж. «29» тамыз
«№7 бөбекжайы» КМҚК
Меңгерушісі
Л.Р.Елекеева



Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай қаласы білім бөлімінің №7 бөбекжайы» КМҚК Педагогикалық
этика жөніндегі кеңес туралы

Ереже

1. Жалпы ережелер

- 1.1. Педагогикалық этика жөніндегі кеңес (бұдан әрі — Кеңес) мектепке дейінгі ұйымның алқалы консультативтік-кеңесші органы болып табылады.
- 1.2. Кеңес педагогикалық этика нормаларының сақталуын қамтамасыз ету, тәрбиеленушілердің, ата-аналардың (заңды өкілдердің) және педагог қызметкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында құрылады.
- 1.3. Өз қызметінде Кеңес төмендегілерді басшылыққа алады:
- Қазақстан Республикасының Конституциясын;
 - «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңын;
 - «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңын;
 - Педагогикалық этика кодексін;
 - мектепке дейінгі ұйымның Жарғысын;
 - осы Ережені.

2. Кеңестің мақсаттары мен міндеттері

- 2.1. Кеңес қызметінің мақсаты - мектепке дейінгі ұйымда этикалық, қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру.
- 2.2. Кеңестің негізгі міндеттері:
- балабақша қызметкерлерінің педагогикалық этика нормаларын сақтау мәселелерін қарау;
 - педагогтер, ата-аналар және тәрбиеленушілер арасындағы жанжалдық жағдайлардың алдын алу;
 - даулы және жанжалдық жағдайларды шешуге жәрдемдесу;
 - баланың құқықтары мен қадір-қасиетін қорғау;
 - ата-аналармен кәсіби қарым-қатынас пен өзара іс-қимыл мәдениетін қалыптастыру.

3. Кеңестің құрамы және оны қалыптастыру тәртібі

- 3.1. Кеңес құрамына мыналар кіреді:

- мектепке дейінгі ұйымның меңгерушісі (немесе меңгерушінің міндетін атқарушы);
- мектепке дейінгі ұйымның педагогтері;
- қажет болған жағдайда - ата-аналар комитетінің өкілі.

3.2. Кеңестің құрамы мектепке дейінгі ұйым меңгерушісінің бұйрығымен бекітіледі.

3.3. Кеңес төрағасы бұйрықпен тағайындалады немесе Кеңес мүшелерінің арасынан сайланады.

3.4. Кеңестің хатшысы отырыстардың хаттамаларын жүргізеді және Кеңес құжаттамасын қамтамасыз етеді.

4. Кеңестің өкілеттіктері

Кеңес төмендегідей құқықтарға ие:

- ата-аналардың (заңды өкілдердің), педагогтердің және мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерінің өтініштерін қарау;
- жанжалға қатысушы тараптардың түсініктемелерін тыңдау;
- педагогикалық этика нормаларының бұзылуына байланысты жағдайларды талдау;
- жанжалдарды реттеу бойынша ұсынымдар әзірлеу;
- мектепке дейінгі ұйым басшысына ұсыныстар енгізу.

5. Кеңестің жұмыс тәртібі

5.1. Кеңес отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ жарты жылда кемінде бір рет өткізіледі.

5.2. Кеңес отырысы Кеңес мүшелерінің кемінде 2–3-і қатысқан жағдайда заңды деп есептеледі.

5.3. Шешімдер ашық дауыс беру арқылы, қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады.

5.4. Кеңес шешімдері ұсынымдық сипатта болады және хаттамамен ресімделеді.

6. Қызмет қағидаттары және құпиялылық

6.1. Кеңестің қызметі баланың тұлғасын құрметтеу, гуманизм, объективтілік және құпиялылық қағидаттары негізінде жүзеге асырылады.

6.2. Қаралатын мәселелер барысында алынған ақпарат жария етуге жатпайды.

7. Қорытынды ережелер

7.1. Осы Ереже мектепке дейінгі ұйым меңгерушісінің бұйрығымен бекітілген күннен бастап күшіне енеді.

7.2. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар белгіленген тәртіппен енгізіледі.